

С.Н. Доценконың тақырыптық дәрісі

2016 жылдың 7 желтоқсанында кіші конференц-залда Таллин университетінен шақырылған (Эстония) PhD доктор С.Н. Доценконың қорытынды дәрісі өтті. Сергей Николаевич кеңес мифологиясы саласындағы ғылыми зерттеулерімен бөлісіп, қорытынды лекциясын Вен. Ерофеевтың «Москва - Петушки» поэмасындағы адам мен билік тақырыбына арнады. Венедикт Ерофеевтың шығармасында кеңес идеологиясының мифологиясын жоққа шығару үрдісі болашақ филологтар білуі керек қызықты тақырып. Сергей Николаевич Доценко атакты шығарманы оқудың өзіндік нұсқасын ұсынды. Қорытынды сабаққа кафедраның 1-4 курс студенттері, магистранттар, докторанттар мен оқытушылар қатысты. Презентациядағы көрнекіліктер ХХ ғасырдың 60-шы жылдарындағы кезеңді елестетуге мүмкіндік берді. Лекция соңында көрермендер ду қол шапалағымен қонағымызға алғысын білдірді.

